

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН

2003 ж. «21» сәуір - 2003 ж. «21» сәуір

№ 1647-1970-070 АБ. өткізілді куәлік

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫКСКОГО РАЙОНА
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА

«21» сәуір 2003 г.
свидетельство № 1647-1970-070
БСН/БИН 037040003597

КӨШІРМЕ
КОПИЯ

«Компас» инвестициялық қоржынды
басқару жөніндегі Компания»
акционерлік қоғамының жалғыз акционерінің
шешімімен жаңа редакцияда
БЕКІТІЛДІ

Акционердің № 1 шешімі 11.04.2012 ж.

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР
ЖӨНЕ ТОЛЫҚТЫРУАҒЫМЕН ЗАҢДЫ


№ 1318 бұйрығы

2012 ж. «22» маусым

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫКСКОГО РАЙОНА
УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫ
С ВНЕСЕННЫМИ ИЗМЕНЕНИЯМИ И ДОПОЛНЕНИЯМИ

ПРИКАЗ № 1318
«22» маус 2012 г.

УТВЕРЖДЕН
в новой редакции
Решением единственного акционера
Акционерного общества «Компания
по управлению инвестиционным портфелем
«Компас»
Решение акционера № 1 от 11.04.2012 г.



«Компас» инвестициялық қоржынды
басқару жөніндегі Компания» акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

УСТАВ
Акционерного общества «Компания по управлению
инвестиционным портфелем «Компас»

город Алматы

КЕЛЕСІ БЕТТІ
ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ¹

1-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ТҮРПАТЫ, АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

1.1 «Компас» инвестициялық қоржынды басқару жөніндегі Компания» акционерлік қоғамы (осыдан әрі Қоғам) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес акционерлік қоғам болып табылады.

1.2 Қоғамның ресми атауы:

Толық атауы:

Қазақ тілінде: «Компас» инвестициялық қоржынды басқару жөніндегі Компания» Акционерлік қоғамы.

Орыс тілінде: Акционерное общество Компания по управлению инвестиционным портфелем «Компас».

Ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Asset Management Company «Compass».

Қысқаша атауы:

Қазақ тілінде: «Компас» ИҚБК АҚ.

Орыс тілінде: АО КУИП «Компас».

Ағылшын тілінде: JSC «Asset Management Company «Compass».

1.3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, әл Фараби даңғылы 77/7, 12-кабат.

1.4. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

2-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Қоғам өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражаттарды тарту мақсатында акция шығаратын, сонымен қатар өзінің басты міндеті акционерлердің мүдделерінде пайда табу болып табылатын коммерциялық ұйым болып табылады.

2.2. Қоғам Қазақстан Республикасы заңдары бойынша заңды тұлға болып табылады және өзінің қызметін қолданылып жүрген заңдарды, осы Жарғыны, белгіленген тәртіпте қабылданған ішкі ережелерді, жалғыз акционердің және Қоғамның басқа да басқарушы органдарының белгіленген тәртіпте өздерінің құзырлары шектерінде қабылдаған шешімдерін басшылыққа ала отырып жүзеге асырады.

2.3. Қоғамның өзінің акционерлерінің мүліктерінен оқшауланған мүлкі бар және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.4. Қоғамның дербес балансы, мөрі, банктерде шоты, оның ішінде валюталық шоты бар. Қоғамның дербес балансы, жалғыз акционердің шешімімен бекітілетін және заңдармен белгіленетін жағдайларда заңмен белгіленген тәртіпте тіркелетін тауар белгісі мен символикасы бар.

2.5. Қоғамның қолданылып жүрген заңдармен белгіленетін тәртіпте және шектерде қолданылып жүрген заңдармен тыйым салынбайтын кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасауға; мүліктік құқықтар мен міндеттерді иеленуге; соттарда жауапкер мен талапкер ретінде бой көрсетуге, сонымен қатар қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін кез келген мәмілелер мен заңдық әрекеттерді жасауға құқығы бар.

- 2.6. Қоғам қоғамның еншілес және тәуелді қоғамдары мен серіктестіктерін, филиалдары мен өкілдіктерін; Қазақстан Республикасы аумағында және шет елдерде олар ашылатын жергілікті заңдарға сәйкес бірлескен кәсіпорындарды құруға; басқа да қоғамдарға және шаруашылық серіктестіктерге және басқа да коммерциялық және бейкоммерциялық ұйымдарға үлестік қатысуларын және акцияларын сатып алу арқылы және қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін кез келген басқа тәсілде енуге құқылы.

3-БАП. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ

- 3.1. Қоғамды құру мен қызметінің негізгі мақсаты акционерлердің мүддесінде пайда табу болып табылады.
- 3.2. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:
- а) Клиенттердің инвестициялық қоржындарын және пайлық инвестициялық қорларды басқару жөніндегі қызмет;
 - б) Ақпараттық, талдамалық, кеңес беру қызметтері.
- 3.3. Қоғам өзінің негізгі мақсатына жету үшін Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамаларға қайшы келмейтін жағдайда барлық басқа да қызметерді жүзеге асыруға құқылы болып табылады.
- 3.4. Барлық аталған қызмет түрлері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес және қажет болатын кездері тиісті лицензияларды, басқа да рұқсаттарды, сертификаттарды, осыған уәкілетті Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдардың рұқсаттарын алғаннан кейін жүзеге асырылады.
- 3.5. Қоғамның міндеттері:
- а) Ақшаларды эмиссиялық бағалы қағаздарға, қаржылық құралдарға және басқа да мүліктерге уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес инвестициялау туралы шешім қабылдау;
 - б) Бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен инвестициялық қоржынды басқару барысында өздеріне жүктелген инвестициялық шешімдерді орындау мақсатында өзара қарым-қатынас жасау;
 - с) Эмиссиялық бағалы қағаздармен, қаржылық құралдармен және басқа да мүліктермен жүргізілетін мәмілелерді уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық актілерімен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте есепке алу;
 - д) Инвестициялық қоржынды басқару жөніндегі шартты орындау;
 - е) Ақпараттық, талдамалық, кеңес беру қызметтерін көрсету.

4-БАП. ҚОҒАМ МЕН АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ.

ҚОҒАМ МЕН АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

- 4.1. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікті өзінің мүлкі шегінде атқарады.
- 4.2. Қазақстан Республикасы Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, Қоғам Қазақстан Республикасының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

- 4.3. Қоғам акционерлердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және егер де Қазақстан Республикасындағы қолданылып жүрген заңнамаларда басқаша қарастырылмайтын болса, Қоғамның қызметіне байланысты тәуекелдік шығындарды өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде ғана атқарады.

5-БАП. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ

- 5.1. Қоғамның мүлкі Қоғамның қызметін, оның ішінде осындай қызметтің нәтижесінде пайда болатын Қоғамның міндеттемелерін қамтамасыз етуге арналған.
- 5.2. Қоғам мүлкін келесілер құрайды:
- а) Жарғылық капитал;
 - б) қызметті жүзеге асыру барысында түсетін табыс;
 - с) Қазақстан Республикасындағы қолданылып жүрген заңнамалармен рұқсат етілетін басқа да негіздерде табатын өзге де мүліктер.
- 5.3. Қоғамның мүлкі Қоғамға меншіктік құқықта тиесілі болады.
- 5.4. Қоғаммен құрылатын құрылымдық бөлімшелердің мүліктері Қоғамға меншіктік құқықта тиесілі болады.

6-БАП. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

- 6.1. Қоғамның Жарғылық капиталын ұлғайту акционерлердің жалғыз акционердің немесе соттың шешімі бойынша акцияларды шығару мен орналастыру арқылы рұқсат етіледі.
- 6.2. Қоғамның орналастырылатын акцияларына төлем ретінде тек ақша енгізілуі мүмкін.
- 6.3. Акциялар, сондай-ақ мұрагерлік арқылы заңды тұлғалардың құқықтық мирасқорлық тәртібі немесе Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен рұқсат етілетін басқа да негіздерде алынуы мүмкін.

7-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ҰСТАУШЫЛАР ТІЗІМІНІҢ ЖҮЙЕСІ

7.1. Қоғамның бағалы қағаздары туралы жалпы ережелер

- 7.1.1. Қоғам жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.
- 7.1.2. Акциялар бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығында бірнеше акционерге тиесілі болса, олардың барлығы бір акционер ретінде танылады және акциямени ұсынылатын құқықтарды өздерінің ортақ өкілдері арқылы пайдаланады.
- 7.1.3. Бір түрдегі акция оны иеленетін әрбір акционерге, акциялардың осы түрінің басқа иеленушілерімен бірге құқықтардың бірдей көлемін ұсынады.
- 7.1.4. Қоғам, шығару тәртібі мен жағдайлары, орналастыру, айналым және өтеу тәртіптері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленетін басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.
- 7.1.5. Егер де Қоғам жарияланған акцияларды немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды арнайы орналастыруды, сондай-ақ бұрын көрсетілген сатып алынған бағалы қағаздарды іске

асыруды көздесе, онда Қоғам осы туралы шешім қабылдаған уақыттан бастап күнтізбелік он күн ішінде, өзінің акционеріне жазбаша ескерту хат жазу немесе бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау арқылы бағалы қағаздарды, орналастыру (іске асыру) туралы шешім қабылдаған қоғамның органы белгілеген орналастыру (іске асыру) бағасы бойынша олардағы бар акциялар санының мөлшеріне тең көлемде алатындығы туралы ұсыныс жасауға міндетті. Акционер қоғамның акцияларды, Қоғамның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыратыны (іске асыратыны) туралы хабарды естіген соң, күнтізбелік отыз күн ішінде артықшылық сауда құқығына сәйкес акцияларды алу туралы сұраныс беруге құқылы. Бұл жағдайда қоғамның жай акцияларына ие акционер, артықшылықпен қоғамның жай акцияларын немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын алғанда сауда артықшылығына құқылы, ал Қоғамның артықшылықты акцияларын иеленетін акционердің Қоғамның артықшылықты акцияларын артықшылықты сатып алу құқығы бар. Қоғам акционерлерінің бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығын іске асыру тәртібін өкілетті орган белгілейді.

Акциялар немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын, артықшылықты сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын басқа бағалы қағаздар үшін ақы төлеуді акционер акцияларды орналастыру басталған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн ішінде жүзеге асырады.

- 7.1.6. Жарияланған акцияларды немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру, сондай-ақ бұрын сатып алынған аталған бағалы қағаздарды сату ниеті бар қоғам Пруденциалдық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге нормаларды және лимиттерді орындау мақсатында уәкілетті органның талап етуі бойынша, акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өз акционерлеріне жазбаша хабарлама жіберу немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы бағалы қағаздарды өздерінде бар акциялар санына барабар тең жағдайларда бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған қоғамның органы белгілеген орналастыру (өткізу) бағасы бойынша сатып алуды ұсынуға міндетті. Акционер қоғамның акцияларын орналастыру (өткізу) туралы хабарлаған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде акцияларды не қоғамның акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алуға өтінім беруге құқылы.

Акционер басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын акциялардың немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың ақысын төлеуді оларды сатып алуға өтінім берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Акциялардың немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың ақысын төлемеген жағдайда аталған мерзім аяқталғаннан кейін өтінім жарамсыз болып есептеледі.

- 7.1.7. Акциялардың немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың ақысын төлемеген жағдайда осы баптың 7.1.5, 7.1.6-тармақтарында белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін өтінім жарамсыз болып есептеледі.

- 7.1.8 Қоғамға басқа қоғам қосылған кезде қоғамның акцияларын орналастыру (өткізу) кезінде қоғамның акционерлеріне басымдықпен сатып алу құқығы берілмейді.
- 7.1.9. Қоғам өз акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін акциялардың жарияланған мөлшері шегінде оларды бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы. Акцияларды орналастыру акционерлердің акцияларды немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыруы, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногында өткізілетін жазылу немесе аукцион не бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында өткізілетін жазылу немесе аукцион арқылы, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қоғамның бағалы қағаздарын және (немесе) ақшалай міндеттемелерін қоғамның акцияларына айырбастау арқылы жүзеге асырылады.
- 7.1.10 Акционер артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес оған акцияны немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағазды сатып алуға өтінім беру үшін берілген күнтізбелік отыз күннің ішінде акцияны немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағазды иеліктен айырған кезде, егер бұрынғы меншік иесі мұндай өтініш бермеген жағдайда бұл құқық акцияның немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздың жаңа меншік иесіне өтеді.
- 7.1.11 Акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған қоғамның органы осы орналастыру үшін белгілеген акцияларды орналастыру бағасы осы акциялардың сатылуы мүмкін ең төменгі бағасы болып табылады. Акционерлер акцияларды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес қоғамның орналастыру туралы шешім қабылдаған органы белгілеген осы акциялардың бірыңғай ең төменгі орналастыру бағасы бойынша сатып алады. Қоғамның акциялары осы орналастыру шегінде акцияларды жазылу арқылы сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірыңғай баға бойынша сатылуға тиіс.
- 7.1.12 Қоғамның уәкілетті органы орналастырылатын акциялардың санын ұлғайту және (немесе) бағаны азайту шеңберінде акционерлерге ұсынылған бағаны азайту арқылы жарияланған акцияларды орналастыру туралы бұрын қабылданған шешімнің талаптарын өзгерту туралы шешімді қабылдаған жағдайда, қоғам акционерлерге осы акцияларды басымдықпен сатып алу құқығын қайта ұсынады.
- 7.1.13. Акцияларды орналастырған кезде қоғамға:
- 1) орналастырылатын акцияларды сатып алуға;
 - 2) шарттарында (шығару шарттарында) эмитент орналастырылған акцияларын эмитенттің сатып алу құқығы немесе міндеті көзделетін шарттар жасасуға (туынды бағалы қағазды сатып алуға) тыйым салынады.

7.2. *Акция түрлері*

- 7.2.1. Жай акция акционерге шешім қабылдауға, Қоғамның таза табысы болатын жағдайда дивидендтер, сонымен қатар Қоғам таратылатын жағдайда, оның мүлкінің бөлігін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленетін тәртіпте алуға құқық береді.
- 7.2.2. Акционерлердің – артықшылықты акциялардың иелерінің жай акцияларды иеленетін акционерлер алдында алдын ала Жарғыда белгіленген кепілді

- мөлшерде дивиденттерді және Қоғам таратылатын жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленетін тәртіпте алуға құқылы болады.
- 7.2.3. Орналастыру кезеңінде қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның орналастырылған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс.
- 7.2.4. Артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын ұсынбайды, келесі жағдайларды есептегенде:
- а) шешім қабылдау артықшылықты акцияларды иеленген акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қарау кезінде. Осындай мәселе бойынша шешім шектеу үшін орналастырылған (сатып алынғандар шегерілген) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен бірінің дауыс беруі шартымен ғана қабылданған болып саналады.
Шешім қабылдау артықшылықты акцияларды иеленген акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелерге мыналар туралы мәселелер жатады:
артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту не мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту;
артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту;
 - б) қоғамның артықшылықты акцияларын жай акцияларына айырбастау туралы;
 - с) қоғам артықшылықты акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдаспаған нарықта сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістер енгізу туралы мәселені қарау кезінде (егер әдістеме құрылтай жиналысында бекітілмесе, оны бекіту);
 - д) Қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қарау кезінде;
 - е) артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтер оны төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш ай ішінде толық төленбейді.
- 7.2.5. Қоғамның қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы Қоғам акцияларының басқа түріне айырбастауды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы Қоғам акцияларының басқа түріне айырбастаудың шарттары, мерзімдері және тәртібі акцияларды шығару проспектісінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

7.3. Қоғамның бағалы қағаздарын және өзге ақшалай міндеттемелерін Қоғамның жай акцияларына айырбастау

- 7.3.1. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.
- 7.3.2. Қоғамның акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруына, Қоғамның жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырма шегінде рұқсат етіледі.
- 7.3.3. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау тәртібі мен жағдайы айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару анықтамалығымен анықталады.
- 7.3.4. Қоғамның бағалы қағаздарын және кредиторлар алдындағы өзге де ақшалай міндеттемелерін оның жай акцияларына айырбастау мынадай құжаттардың бірінің:

- 1) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару проспектісі;
 - 2) Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған банкті қайта құрылымдау жоспары
 - 3) егер Қоғам дәрменсіз борышкер болып табылса, Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған оңалту жоспары негізінде жүзеге асырылады.
- 7.3.5. Егер бұрын Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды орналастырған кезде акционерлерге осы бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығы берілсе, осы бағалы қағаздар шығару проспектісі негізінде бағалы қағаздарды қоғамның жай акцияларына айырбастау кезінде қоғамның акционерлеріне акцияларды басымдықпен сатып алу құқығы беріледі.
- 7.3.6. Қоғам бағалы қағаздарды Қоғамның жай акцияларына айырбастауға, осындай айырбастау нәтижесінде жай акцияларды сатып алатын тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тиісті қызмет түрлерін жүзеге асыратын қоғам акционерлеріне (акцияларды сатып алуды жоспарлайтын тұлғаларға) қатысты белгіленген талаптарды орындаған жағдайда құқылы.

7.4. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесі

- 7.4.1. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу мен сақтау Қоғамның және оның үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болып табылмайтын Қоғамның тіркеушісімен жүзеге асырылады.
- 7.4.2. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу мен сақтау тәртібі, сонымен қатар ол жөніндегі ақпараттарды мемлекеттік уәкілетті органдарға ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңдармен анықталады.
- 7.4.3. Қоғам өзінің тіркеушісімен Қоғамның акцияларын шығаруды мемлекеттік тіркеу мақсатында уәкілетті мемлекеттік органға ұсынғанға дейін Қоғамның жарияланған акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу мен сақтау бойынша қызмет көрсету туралы шарт шарт жасасуға міндетті.
- 7.4.4. Қоғамның орналастырылатын акцияларын толық төлегенге дейін Қоғам осы акцияларды Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін оның иесінің есебіне есептеу туралы бұйрық шығаруға құқысыз.

8-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 8.1. Акционерлердің құқықтары:
- a) Қоғамды басқаруға Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары мен (немесе) осы Жарғыда анықталған тәртіпте қатысу;
 - b) Дивидендтер алу;
 - c) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде Қоғамның қаржылық есебімен жалғыз акционердің шешімінде және осы жарғыда анықталған тәртіпте танысу;
 - d) Тіркеушіден немесе атаулы ұстаушыдан бағалы қағаздарға оның құқытарын растайтын көшірмелерді алу;

- e) Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатураларын ұсыну;
- f) Қоғамның органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібінде бұзу;
- g) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраныстар жіберу және Қоғамға сұраныс түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауап алу;
- h) Қоғам таратылғаннан кейін оның мүлкінің бөлігін алу.
- i) Қоғамның акцияларын немесе акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарын қолданылып жүрген заңдармен белгіленетін тәртіпте артықшылықты сатып алу.
- j) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
- k) өз есебінен Қоғамның аудитін жүргізуді талап ету;
- l) қоғамның дауыс беретін акцияларын бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен бірігіп иеленген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірілген зиянды Қоғамға өтеуі және Қоғамының лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының олар жасалуында мүделілік бар ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасау (жасау үшін ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өтініш жасау.

Акционерлердің осы баптың 8.1-тармағында айқындалған құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

Акционерлердің осы баптың 8.1-тармағында көзделген құқықтарымен қатар Қоғамның Жарғысында акционерлердің қосымша құқықтары көзделуі мүмкін.

8.2. Ірі акционердің - акционердің немесе Қоғамның он немесе одан да жоғары бөлігін жиынтықты иеленетін, олардың арасында жасалған келісім негізінде әрекет ететін бірнеше акционерлердің, сондай келесі құқықтары болады:

- a) Акционерлердің кезектен тыс жиналыстарын шақыруды талап ету немесе Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартатын жағдайда, оны шақыру туралы талап арызбен сотқа шағымдану;
- b) Директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді қолданылып жүрген заңдарға немесе осы Жарғыға сәйкес енгізуді ұсыну;
- c) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
- d) Қоғамның аудитіне аудиторлық тексерудің жүргізуін өз есебінен ұйымдастыруды талап ету.

Осы баптың 8.1. және 8.2 тармақтарында анықталған акционерлердің құқықтарын шектеуге рұқсат етілмейді.

8.3. Акционерлердің міндеттері:

- a) Акциалырды төлеу;
- b) Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу үшін қажет болатын, осы акционерге тиесілі өзгертулер туралы, тіркеушіге немесе атаулы ұстаушыға он күн ішінде хабарлау;
- c) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын ақпараттарды жарияламау;

- d) Қолданылып жүрген заңдар мен осы Жарғыға сәйкес басқа да міндеттерді атқару.
- Қоғам мен тіркеуші осы баптың b) тармағында белгіленген талаптарды акционердің орынамағаны үшін жауапкершілікті атқармайды.

9-БАП. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫ

- 9.1. Қоғамның басқарушы органдары:
- a) Жоғарғы орган – жалғыз акционер;
 - b) Басқарушы орган – Директорлар кеңесі;
 - c) Атқарушы орган – Басқарма;
 - d) Бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі;
 - e) Бақылау органы-Бақылау кеңесі.

10. Жалғыз акционер

- 10.1. Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болғанға дейін акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және (немесе) Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімді жалғыз акционер жалғыз өзі қабылдайды және осы шешімдердің артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтарға қысым жасамауы және шектемеуі шартымен жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

10.1. Акционердің айрықша құзыреті

- 10.1.1. Акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
- a) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
 - b) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - c) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - d) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
 - e) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
 - f) Бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың талаптары мен тәртібін айқындау;
 - g) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақылардың және олардың өз міндеттерін орындағаны үшін өтемақылардың мөлшері мен талаптарын анықтау;
 - h) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
 - i) Жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
 - j) Қоғамның есепті қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша төленетін дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір акциясы есебінен жыл қорытындысы бойынша төленетін дивидендтер мөлшерін бекіту;

- k) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - l) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес не одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтерінің бөлігін немесе бірнеше бөлігін өткізу (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысу немесе өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;
 - m) Қоғамның акционерлерге хабарлау нысандарын анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;
 - n) Акцияларды ұйымдаспаған нарықта Қоғамның өтеуін төлеп алатын жағдайда олардың құнын анықтау әдістемесін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңына сәйкес бекіту;
 - o) Егер де Қоғамның Жарғысында осындай тәртіп анықталмаса, акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
 - p) «Алтын акцияны» енгізу мен олардың күшін жою;
 - q) Шешімдер қабылдау Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасымен және (немесе) Жарғымен жалғыз акционердің айрықша құзырына енгізілген басқа да мәселелер.
- 10.1.2. Шешімдер қабылдау жалғыз акционердің айрықша құзырына жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзырына табыстауға болмайды.
- 10.1.3. Жалғыз акционер Қоғамның басқа органдарының Қоғамның ішкі қызметіне қатысты қабылдаған кез келген шешімдерін өзгертуге құқылы.

10.2. Жалғыз акционердің шешімі

- 10.2.1. Акционердің шешімі Атқарушы орган орналасқан жер және/немесе Қоғамның ішкі актісінде көрсетілген өзге орын бойынша Қоғамда сақталады.

11-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 11.1. Директорлар кеңесі – Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен және (немесе) осы Жарғымен жалғыз акционердің айрықша құзырына жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғам қызметін жалпы басқаруды жүзеге асыратын Қоғамның басқарушы органы.
- 11.2. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттерін атқару кезеңінде сыйақы төленеді және/немесе олардың Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі міндеттерін атқарғанына байланысты шеккен шығандары үшін өтемақылар төленеді. Осындай шығындар мен өтемақылардың мөлшері жалғыз акционердің шешімі бойынша белгіленеді.

11.3. Директорлар кеңесінің құзыры

- 11.3.1. Директорлар кеңесінің айрықша құзырына келесі мәселелер енеді:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының

заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

- 2) Акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның акцияларын орналастыру (іске асыру) мен олардың жарияланған акциялар саны шегінде орналастыру (іске асыру) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарының өтеуі және өтеп алу құны туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық және қаржылық есебін алдын ала бекіту;
- 6) Жай Акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім және есепті қаржылық жылға төленетін дивидендтерді есептемегенде, бір жай Акцияға төленетін дивидендтердің мөлшерін анықтау;
- 7) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 8) Қоғамның Атқарушы органы өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Атқарушы орган басшысының және мүшелерінің лауазымды айлықтарының мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйақылар мөлшерін анықтау;
- 10) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйақы төлеу мөлшері мен жағдайларын анықтау;
- 11) Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйым, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеу үшін өткізілген не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушы көрсеткен қызмет үшін төленетін ақының мөлшерін анықтау;
- 12) Қоғамның резервтік капиталын пайдалану тәртібін анықтау;
- 13) Қоғамның ішкі тәртібін реттейтін құжаттарды, оның ішінде Директорлар кеңесі, Басқарма туралы ережелерді бекіту (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды есептемегенде);
- 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру мен жабу туралы және олар туралы ережелерді бекіту туралы шешім қабылдау;
- 15) Басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын Қоғамның сатып алуы (иесіздендіруі) туралы шешім қабылдау;
- 16) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталының он және одан жоғары пайызына ұлғайту туралы шешім қабылдау;

- 17) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпиясын құрайтын ақпараттарды анықтау;
- 18) Жасалуында Қоғамның мүддесі болатын Ірі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
- 19) Инвестициялық пай қорын құру туралы шешім қабылдау;
- 20) Инвестициялық пай қорының ережесін бекіту және инвестициялық пай қорының ережесіне өзгертулер мен толықтандыру енгізу;
- 21) Инвестициялық пай қорының Кастодианын таңдау;
- 22) Инвестициялық пай қорының активтерін басқару туралы жасалған шартты бұзу туралы шешім қабылдау;
- 23) Акционерлік инвестициялық қордың активтерін сенімді басқару туралы шартты жасау және бұзу туралы шешім қабылдау;
- 24) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді және оның құрамын бекіту;
- 25) Қолданылып жүрген заңдармен және (немесе) осы Жарғыда қарастырылған, жалғыз акционердің айрықша құзырына енбейтін басқа да мәселелер.

11.3.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықшы құзырына енгізілген мәселелер шешім қабылдау үшін Қоғамның Атқарушы органына табысталмайды.

11.3.3. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Атқарушы органның құзырына енгізілген мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар Қоғамның жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқысыз.

11.3.4. Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдер вето құқығы белгіленген мәселелер бойынша «алтын акцияның» иесімен келісілуі тиіс.

11.3.5. Директорлар кеңесі:

- 1) әлеуетті мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдаланушылықты қадағалауы және мүмкіндігінше жоюы;
- 2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыру тиіс.

11.4. ***Директорлар кеңесінің құрамы. Өкілеттіктерінің мерзімі***

11.4.1. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға ғана болады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне және (немесе) Қоғамның Жарғысына сәйкес оған жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) жеке тұлға акционерлер;
- 2) акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлау үшін ұсынылған (ұсыныс берілген) тұлғалар;
- 3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлау үшін ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке тұлғалар арасынан сайланады.

11.4.2. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды акционерлер, Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір үміткер дауысқа түскен жағдайды қоспағанда, дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып жиынтық дауыс

беру арқылы жүзеге асырады. Жиынтық дауыс беру бюллетенінде мынадай бағандар болуы тиіс:

- 1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлердің тізбесі;
- 2) акционерге тиесілі дауыстар саны;
- 3) Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер үшін акционер берген дауыстар саны.

Жиынтық дауыс беруге арналған бюллетенге «қарсы» және «қалыс қалды» деген дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарын толығымен Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылатын бір кандидат үшін немесе бірнеше кандидаттар арасында бөліп беруге құқылы. Неғұрлым көп дауыс алған үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған болып саналады. Егер Директорлар кеңесіне екі және одан көп үміткер тең дауыс алса, осы үміткерлерге қатысты акционерлерге тең дауыс алған үміткерлер көрсетіле отырып жиынтық дауыс беру бюллетеньдерін беру арқылы қосымша жиынтық дауыс беру жүргізіледі.

- 11.4.3. Атқарушы органның мүшелері, оның басшысынан басқа, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органның Басшысы Директорлар кеңесінің Төрағасы ретінде сайлана алмайды.
- 11.4.4. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленеді.
- 11.4.5. Қоғамның Директорлар кеңесі 3 мүшеден тұрады. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.
- 11.4.6. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері үш жыл мерзімге сайланады. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, сан рет қайта сайлануы мүмкін. Қоғамның Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі жалғыз акционер жаңа Директорлар кеңесі сайлау туралы шешім қабылдаған сәтте аяқталады.
- 11.4.7. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктері кез келген негізде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
- 11.4.8. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кез келген уақытта Қоғамның Директорлар кеңесіне жазбаша құлқтандыру жіберу арқылы тоқтатылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттіктері Қоғамның Директорлар кеңесіне жазбаша құлқтандыруды алған сәттен бастап тоқтатылады.
- 11.4.9. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылатын жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге ұсынылған кумулятивті дауыс беру жүзеге асырылады, осындай жағдайда Директорлар кеңесіне жаңадан сайланған мүшенің өкілеттіктері Директорлар кеңесінің өкілеттіктері жалпы аяқталуымен бірге тоқтатылады.

11.5. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы

- 11.5.1. Директорлар кеңесінің Төрағасы- Президент Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауыстарымен құпия дауыс беру арқылы сайланады.
- 11.5.2. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Директорлар кеңесінің Төрағасын - Президентін қайта сайлауға құқылы.

- 11.5.3. Директорлар кеңесінің Төрағасы – Қоғамның Президенті Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді, Қоғамның отырыстарында хаттаманың Қолданылып жүрген заңдар мен осы Жарғыда белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізілуін ұйымдастырады.
- 11.5.4. Директорлар кеңесінің Төрағасы-Қоғамның Президенті болмайтын кездері оның міндеттерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің бір мүшесі атқарады.

11.6. Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру мен өткізу тәртібі

- 11.6.1. Директорлар кеңесінің отырыстары оның Төрағасының немесе Қоғамның Атқарушы органының ынтасымен немесе келесілердің:
- a) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
 - b) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
 - c) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның
 - d) Ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылады.
- 11.6.2. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына - Президентке Директорлар кеңесі отырысының болжамды күн тәртібі мазмұндалатын жазбаша хабарландыру жолдау арқылы ұсынылады. Директорлар кеңесінің Төрағасы-Президент Директорлар кеңесінің отырысын шақырудан бас тартатын жағдайда, ынтагер аталған талаппен, Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті болатын Қоғамның Атқарушы органына шағымдана алады. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің Төрағасымен – Президентпен немесе атқарушы органмен шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірілмей шақырылуға тиіс.
- 11.6.3. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы жазбаша құлақтандыру отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар қосымша тіркеліп Директорлар кеңесінің мүшелеріне жиналыстың өтетін күннен кем дегенде үш күн бұрын жіберіледі.
- 11.6.4. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы құлақтандыруда отырыстың өткізілетін күні, уақыты мен орны, сонымен қатар оның күн тәртібі мазмұндалуға тиіс.
- 11.6.5. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы Басқармаға алдын ала жазбаша хабарлама міндетті.
- 11.6.6. Егер Директорлар кеңесі отырысына Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі қатысса, ол өкілетті деп саналады.
- 11.6.7. Егер де Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда анықталған кворумды анықтау үшін жеткіліксіз болатын жағдайда жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы шешім қабылдайды. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек жалғыз акционерге тиісті шешім қабылдау үшін хабарлама жіберу туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.
- 11.6.8. Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып жүргізіледі. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімі отырысқа

қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауыстарымен қабылданады. Дауыстар тең түсетін жағдайда Директорлар кеңесінің Төрағасының-Президентінің дауысы шешуші болып табылады.

11.6.9. Директорлар кеңесінің отырыстарын тікелей қатысу немесе сырттай қатысу нысандарында өткізу көзделеді. Тікелей қатысу нысаны отырыстарға бірлесіп қатысу арқылы, сондай-ақ бейнеконференц-байланыс, телефон не өзге байланыс құралы бойынша конференц-байланыс арқылы іске асырылады. Осылайша қатысқан тұлға отырысқа жеке өзі қатысқан болып саналады және осы Жарғыға сәйкес дауыс беруге және кворумды анықтау кезінде есептеуге қатысуға құқығы бар. Бұл ретте Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында пайдаланылған байланыстың түрі көрсетіледі.

11.6.10. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

11.6.11. Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру жолымен қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру жүргізілетін жағдайда дауыс беруге арналған бюллетеньдер Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолданады (таратылады). Дауыс беруге арналған бюллетень алушыға отырысты өткізбестен сырттай берілген дауыстардың санын есептейтін күннен кем дегенде бес күннен кешіктірілмей жолдануға тиіс. Дауыс беруге арналған бюллетеньде дауыс беру тәтібі мазмұндалуға тиіс. Сырттай дауыс беру нәтижелері бойынша шешім қабылдау үшін жеткілікті болатын Директорлар кеңесінің мүшелерінің қолы қойылатын жағдайда жарамды деп саналатын сырттай дауыс сберудің хаттамасы жасалады. Директорлар кеңесінің іштей өткізілген отырысында қабылданатын шешімдер отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде тиісті дәрежеде жасалған әрі отырыста төрағалық еткен тұлғаның және директорлар кеңесі хатшысының қолы қойылған хаттамамен рәсімделуге және келесілер мазмұндалуға тиіс:

- a) Қоғамның толық атауы мен атқарушы органның орналасқан жері;
- b) Отырыс өтетін күн, уақыты және орны;
- c) Отырысқа қатысатын тұлғалар жайлы мәліметтер;
- d) Отырыстың күн тәртібі;
- e) Дауыс беруге шығарылған мәселелер және олар бойынша берілген дауыстардың нәтижесі;
- f) Қабылданған шешімдер;
- g) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне шешім қабылдауға негіз болған қосымша бюллетеньдермен қоса жіберілуі тиіс.

11.6.12. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туаыл» Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібімен даулауға құқылы.

11.6.13. Егер Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туаыл» Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешім Қоғамның және (немесе)

акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, акционер осы шешім жөнінде сотта дауласуға құқылы.

- 11.6.14. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен Директорлар кеңесінің шешімдері Атқарушы орган орналасқан жер және/немесе Қоғамның ішкі актісінде көрсетілген өзге орын бойынша Қоғамда сақталады.

11.7. Директорлар кеңесінің комитеттері

- 11.7.1. Неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесінің ұсынымдарын дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің мынадай мәселелері жөніндегі комитеттері құрылады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер.

Қоғамның ішкі құжаттарымен Директорлар кеңесінің өзге мәселелер жөніндегі комитеттерін құру көзделуі мүмкін.

- 11.7.2. Директорлар кеңесінің Комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелеріне және нақты комитеттегі жұмыс үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің Комитеттерін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Директорлар кеңесі Комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

- 11.7.3. Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесі комитетінің төрағасы болмайды.

- 11.7.4. Директорлар кеңесінің Комитеттерін құру және жұмысының тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Қоғамының Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттарымен бекітіледі.

12-БАП. АТҚАРУШЫ ОРГАН

- 12.1. Ағымдағы қызметті Атқарушы орган – Басқарма басқарады, оның мүшелері 3 жыл мерзімге сайланады.

- 12.2. Қоғамның Басқармасын құру және оның өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің шешімімен жүргізіледі.

- 12.3. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы жарғымен Қоғамның басқару органдарының және лауазымды тұлғаларының құзырына жатқызылмаған қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

- 12.4. Директорлар кеңесінің шешімі Басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілік дауыстарымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді, оған Басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшесінің қол қоюы және дауысқа қойылған мәселелер, олар бойынша Басқарма мүшелерінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген дауыс беру қорытындылары болуы тиіс.

- 12.5. Басқарма жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

- 12.6. Тыйым салу құқығы белгіленген мәселелер бойынша Басқарманың шешімдері «алтын акция» иегерімен келісілуі қажет.

- 12.7. Қоғам Басқарманың қоғаммен белгіленген шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілелерінің жарамдылығын даулауға құқылы, ол үшін қоғам тараптар мәмілені жасау кезінде ондай шектеулер туралы білгендерін дәлелдеуі қажет.
- 12.8. Басқарма мүшелері акционерлер және қоғамның акционерлері болып табылмайтын жұмыскерлер болуы мүмкін.
- 12.9. Басқарма мүшесі тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

12.10. Басқарма құрамы. Өкілеттік мерзімі.

- 12.10.1. Басқарма мүшелері Директорлар кеңесімен ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыстармен жеке тұлғалардың арасынан сайланады.
- 12.10.2. Басқарма құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Директорлар кеңесімен бекітілген Басқарма туралы Ережемен белгіленуі мүмкін.
- 12.10.3. Басқарма кемінде 3 мүшеден тұрады.
- 12.10.4. Басқарма мүшелері үш жыл мерзімге сайланады. Басқарма құрамына сайланған тұлғалар шектелмеген түрде бірнеше рет сайлануы мүмкін. Басқарманың өкілеттік мерзімі жалғыз акционердің жаңа Директорлар кеңесі сайлау туралы шешім қабылдаған сәтте аяқталады және олар өз кезегінде жаңа Басқарманы сайлайды.
- 12.10.5. Директорлар кеңесінің шешімімен Қоғам Басқармасының барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктері кез келген негіз бойынша мерзімнен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
- 12.10.6. Басқарма мүшесінің өкілеттік мерзімін оның бастамасымен мерзімнен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесін жазбаша хабарлап, кез келген уақытта жүргізіледі. Ондай Басқарма мүшесінің өкілеттіктері аталмыш хабарламаны Директорлар кеңесі алған сәттен бастап тоқтатылады.
- 12.10.7. Басқарма мүшесінің өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтатқан жағдайда Басқарманың жаңа мүшесін сайлау Директорлар кеңесінің жай көпшілік дауыстарымен жүргізіледі, бұл жағдайда қайта сайланған Басқарма мүшесінің өкілеттіктері бүтіндей Басқарманың өкілеттік мерзімі аяқталған сәтте тоқтайды.
- 12.10.8. Басқарманың отырыстары Басқарманың кез келген мүшесінің бастамасымен қажет болған жағдайда шақырылады, алайда айына бір реттен кем емес.
- 12.10.9. Қажет болған жағдайда Басқарманың отырыстарын Басқарма мүшелерінің отырыстарға телефон немесе өзге байланыс арналары бойынша бейнеконференц-байланыс, конференц-байланыс арқылы бірлесіп қатысу арқылы тікелей қатысу нысанында өткізуге болады. Осындай түрде қатысқан адам отырысқа жеке өзі қатысқан болып саналады және осы Жарғыға сәйкес кворумды анықтау кезінде дауыс беруге және есептеу құқығы бар. Бұл ретте Басқарма отырысының хаттамасында пайдаланылған байланыс түрі көрсетіледі.

12.11. Қоғам Басқармасының Басшысы – Басқарма Төрағасы.

- 12.11.1. Қоғам Басқармасының Басшысы – Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесімен Басқарма мүшелерінің арасынан 3 жыл мерзімге сайланады.

12.11.2. Басқарма Төрағасы Қоғам атынан әрекет етеді және оның мүдделерін танытады, қолданыстағы заңнамамен, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі ережелерімен белгіленген тәртіпте Қоғам атынан мәмілелер жасайды, штат кестесіне қол қояды, Қоғамның барлық жұмыскерлері орындауға міндетті бұйрықтар мен өкімдерді шығарады және нұсқауларды береді.

12.11.3. Басқарма Төрағасына өкілеттіктер беру, сонымен қатар оның өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату қолданыстағы заңнамаға және Жарғыға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен жүргізіледі. Басқарма Төрағасының құқықтары және міндеттері, өкілеттік мерзімі және оған еңбекақы төлеу шарттары қолданыстағы заңнамамен және осы Жарғымен, сонымен қатар Қоғаммен жасалатын жеке еңбек шартымен анықталады. Жеке еңбек шартына Қоғам атынан Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Директорлар кеңесі, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықпен өкілеттік берілген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын жеке еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

12.12. Басқарма Төрағасының өкілеттіктері:

- a) жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- b) клиенттермен, әріптестермен және қарсы агенттермен, сондай-ақ үшінші тараптармен қатынас жасау кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік және өзге органдарында Қоғам атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды;
- c) үшінші жақтарға қатысты Қоғамды таныту құқығын беретін сенімхаттарды береді;
- d) қаржы, төлем және басқа құжаттарға бірінші болып қол қою құқығына ие;
- e) Қоғамның жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды, басқа жерге ауыстырады және жұмыстан босатады, оларға қатысты ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жазалау белгілейді, Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық айлықтарының және Қоғамның штат кестесіне сәйкес айлықтарға дербес үстемелердің мөлшерін белгілейді, Басқарма, қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін жұмыскерлерден басқа, Қоғам жұмыскерлері сыйақыларының мөлшерін анықтайды;
- f) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде қажетті өзгерістер және қайта құрулар жүргізеді;
- g) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен жалғыз акционерлердің немесе Директорлар кеңесінің құзырына жатқызылмаған, инвестициялық қорлардың активтерін сенімді басқару бойынша қызметтер көрсету жөніндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;
- h) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- i) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сонымен қатар өкілеттіктер және жауапкершілік саласын бөледі;
- j) міндеттерді, сондай-ақ Қоғамның Басқарушы директорларының арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктер саласын бөледі;
- k) операциялық қызмет жөніндегі Басқарушы директорға сенімхат негізінде Басқарма төрағасы және/немесе Қоғамның органдары

бекіткен ішкі құжаттарға (актілерге) бірінші қол қою құқығын бере отырып қол қоюға, Қоғамның штат кестесіне, қаржылық, төлем және өзге құжаттарына қол қоюға уәкілеттік береді;

- l) Басқарушы директорларға, оның ішінде Басқарма мүшелері болып табылмайтын Басқарушы директорларға жекелеген өкілеттік беру құқықтары және Қоғамның құжаттарына қол қою құқықтары бар;
- m) Қоғамның Жарғысында және жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге функцияларды жүзеге асырады.

13-БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

- 13.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметі бақылаушы орган болып табылады.
- 13.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкері (-лері) Директорлар кеңесінің немесе Атқарушы органның құрамына сайланбайды.
- 13.3. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынышты және олардың алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді
